



Құрметті әріптестер, профессор-оқытушылар мен студенттер!

Халқымыз көктемнің алғашқы айы Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп бағалаған. Осы ай жанға шуақ пен көңілге қуаныш сыйлайтын жарқын мерекелерге толы.

Атырау университетінде еңбек етіп жатқан барша аналарды, апа-қарындастарымыз мен жоғары білім алып жатқан қыздарымызды көктемнің алғашқы мерекесі – 8 наурыз Халықаралық аналар күні мейрамымен шын жүректен құттықтаймын. Әйел әрқашан халықтың ар-ожданы, ізгіліктің және дархан көңілдің жарқын көрінісі, бұл мерекеде оларға деген зор құрметтің белгісі. Біздің ұжымдағы аналарға, қарындастар мен қыздарға, баянды бақыт, отбасына жылылық пен береке-бірлік тілеймін.

Сонымен қатар ұлтымыздың мерейін өсіріп, бар болмысымызды айшықтайтын қасиетті Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамымен де барша


ұжым мүшелерін шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз елдің дәстүрінде ежелден жаңа мен жақсының, мейірім мен имандылықтың бастауы болып келеді. Бұл күн жаңару, жасару, рақымшылық уақыты. Наурыз мерекесі елімізге, әрбір отбасына бірлік пен қуаныш, құт-береке, бақыт пен молшылық әкелсін!

Біз әр күніміз өсу мен даму үшін мүмкіндік туғызатын, ырыс-берекеміз нығайған елде өмір сүріп отырмыз. Барлық игілікті істер табыспен аяқталып, жемісті еңбек тек қана қуаныш әкелсін.

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры, х.ғ.д., профессор А. Талтенов



Каспий маңы елдерінің
мемлекеттік
университеттері
Ассоциациясы-2018

2-4



ОРТАЛЫҚТЫҢ СЕРПІЛІСІ

7



Жаңа ғасырдағы ұлттық
сана терең тамырлы
тарихымыздан бастау алады

10

Международная научная конференция - 2018

В эти дни Атырауская область начинает праздновать «Көрісу» – праздник местного значения казахов Западного Казахстана. Праздник Амал мейрамы или Көрісу – это окончание первого весеннего месяца ұт, который ознаменует переход от зимы к весне, это подготовительный в преддверии Наурыза ритуал приветствия и гостеприимства.

Наурыз – главный праздник как у казахов, так и у многих народов Евразии: агулов, адыгейцев, азербайджанцев, афганцев, балкарцев, башкир, татар, кабардинцев, казахов, карачаевцев, крымских татар, кумыков, ингушей, лакцев, лезгин, ногайцев, рутульцев, табасаранцев, туркмен, тэтов, уйгуров, узбеков, цахур, чеченцев, черкесов. На Евразийском континенте традиция празднования Нового года в день весеннего равноденствия отмечается в более чем 20 странах мира, и у каждого народа он имеет свои особенности, но суть праздника одна: встреча долгожданной весны, символизирующей своим приходом новую жизнь, здоровье и благополучие.

Наурыз входит в Национальный список нематериального культурного наследия Республики Казахстан под первым номером. А в 2009 году Наурыз был включен ЮНЕСКО в список нематериального культурного наследия человечества. В результате вхождения Казахстана в состав ЮНЕСКО открываются новые возможности для исследования праздничных традиций и новаций Наурыза, его влияния на культуру, поведение и психологию людей.

В таком контексте, Акимат Атырауской области впервые в Казахстане проводит Международный форум «Национальные традиции Великой степи». «Модернизация общественного сознания через призму возрождения национальных традиций», который, мы надеемся, станет доброй традицией и будет проводиться ежегодно, передаваясь как эстафета из города в город Казахстана.

В рамках Международного форума 14-15 марта 2018 года планируется ряд мероприятий: Республиканский айтыс «Туған жерге туынды тік», литературные чтения «Ақынға тағзым» имени Фаризы Онгарсыновой, Международный чемпионат по «Қазақша күрес», Республиканский конкурс күйши-домбристов имени народной артистки Казахстана Бакыт Карабалиной, Международный фестиваль традиционных песен «Ән дария», мастер-классы от этноремесленницы Ырза Турсынзада «Толдеген төл мәдениетімізді дәріптеу», молодежная интеллектуальная конференция «Спикер #7», а также международная научная конференция «Наурыз как нематериальное культурное наследие человечества» на базе Атырауского государствен-

ного университета им.Х.Досмухамедова.

В ходе научной конференции приглашенные ученые из Польши, Венгрии, Турции, России, Азербайджана, Ирана, Узбекистана, Кыргызстана и Казахстана обсудят вопросы усиливающегося в век глобализации взаимодействия культур, религий и народов, затронут вопросы о роли и значении общих праздников и общих ценностей, требующих переосмысления и новых подходов к изучению. Это позволит по-новому взглянуть на нематериальные ценности, которые объединяют людей и способствуют диалогу, определяют общие социальные ориентиры.

В рамках Конференции планируется проведение ряда мероприятий, в том числе Пленарное заседание и 2 секции:

1. Теория и методология изучения феномена праздника.
2. Структура, мифология и персонажи весенней календарной обрядности у народов Евразии: общее и особенное.

В рамках секции «Теория и методология изучения феномена праздника» предлагается обсудить теоретические и

методологические проблемы в изучении природы праздника и «праздничности» в контексте современной культуры.

Целью секции «Структура, мифология и персонажи весенней календарной обрядности у народов Евразии: общее и особенное» является обсуждение учеными и исследователями общих и самобытных черт в представлениях, связанных с весенней календарной обрядностью у народов Евразии. Кроме того, предлагается рассмотреть базовую основу праздника, являющейся объединяющим фактором в межкультурном диалоге.

Желаем участникам научной конференции плодотворной работы! Научная конференция призвана стать продуктивной площадкой для обмена информацией и приобретения новых знаний, содействия реализации совместных научных исследований и проектов в данном направлении в дальнейшем!

Айман МУСАЕВА,
директор департамента
науки, к.э.н.



**КОНЦЕПЦИЯ
Международной экспертной встречи
«Право и медиа в Каспийском регионе:
основы и перспективы сотрудничества»
в рамках председательства
Атырауского государственного университета им. Х. Досмухамедова
в Ассоциации государственных университетов прикаспийских стран**

Настоящая концепция подготовки и проведения Международной экспертной встречи «Интеграционные процессы в Каспийском регионе: информационное и правовое сотрудничество» устанавливает цели, задачи, программу и регламент мероприятия.

Организатор
Атырауский государственный университет им.Х.Досмухамедова
Адрес: Казахстан 060011 г.Атырау, проспект Студенческий, 212. www.asu.edu.kz

Статус и участники
Мероприятие международного уровня. К участию приглашаются ученые из Азербайджана, Ирана, Казахстана и России, ведущие научные исследования в области развития медиа пространства государств Каспийского региона и правового статуса Каспийского моря.

Официальные документы
• Концепция Экспертной встречи
• Программа Экспертной встречи
• Предложения и решения по итогам работы секций

Рабочие языки
Казахский, русский, английский

Дата проведения
14 марта 2018 г.

Контекст
Каспийский регион – это регион повышенной геополитической важности, где пересекаются национальные интересы и внешняя политика прибрежных государств (Азербайджана, Ирана, Казахстана, России, Туркменистана), а также мировых держав – основных игроков мировых рынков энергоресурсов.

Каспийский регион имеет огромный экономический и культурный потенциал, для развития которого необходим комплексный подход. Организация межгосударственного диалога на Каспии жизненно необходима для развития интеграционных процессов в регионе, отвечающих интересам всех прикаспийских государств.

Решение основного для региона вопроса о правовом статусе Каспийского моря открывает перспективы для сотрудничества прибрежных стран в области безопасности, экономики, экологии, энергетики и транспорта. При этом базой для эффективного социально-экономического партнерства является гуманитарное сотрудничество, в частности, взаимодействие в сфере образования и науки.

Задачи объединения усилий по решению проблем Каспийского моря и создания единого образовательного пространства в прикаспийском регионе успешно решает

Ассоциация государственных университетов прикаспийских стран. Ассоциация была создана в 1996 году и является уникальной диалоговой площадкой для взаимодействия регионального академического и научного сообщества.

В этом контексте, Атырауский государственный университет им. Х. Досмухамедова, в рамках своего председательства в Ассоциации, организует проведение Международной экспертной встречи «Право и медиа в Каспийском регионе: основы и перспективы сотрудничества» и приглашает ученых и исследователей принять участие в работе экспертной встречи.

СЕКЦИЯ 1 «Правовой статус Каспийского моря: настоящее и будущее».

Каспийское море представляет собой географический и стратегический объект с уникальной историей и спорным правовым статусом.

В настоящее время основными документами, регулирующими режим Каспийского моря, выступают двухсторонние международные договоры, заключенные между СССР и Ираном в 1921 и 1940 годах, которые определили Каспий как внутреннее море, поэтому к нему не применимы нормы Конвенции ООН по международному морскому

праву 1982 года.

С 1991 года ситуация усложнилась тем, что с распадом СССР прикаспийских государств стало пять, включая Казахстан, Азербайджан и Туркменистан. Позиции всех прикаспийских государств являются разными и обусловлены собственными национальными геополитическими и экономическими интересами.

Геостратегическая и ресурсная составляющая региона обусловили непрекращающуюся в течение ряда лет дискуссию по выработке вариантов статуса Каспия.

Переговоры по разработке Конвенции о правовом статусе Каспийского моря проводились в рамках Специальной рабочей группы, созданной в 1996 году по инициативе прибрежных государств, а также на двух- и трехсторонних консультациях.

Данные встречи стали эффективным механизмом для решения комплекса вопросов взаимодействия в освоении биологических и минеральных ресурсов, судходства, обеспечения безопасности и сохранения экосистемы Каспия.

Итогом сотрудничества с 1991 года стало достижение консенсуса по широкому спектру вопросов, включающих в себя экологические проблемы водоёма, торгово-экономическое сотрудничество, политическую повестку дня, а также аспекты всеобщей безопасности Каспийского региона, с учётом интересов всех прибрежных государств.

На IV саммите Прикаспийских государств, проходившем в г. Астрахань, был сформулирован каркас будущей Конвенции о правовом статусе Каспийского моря.

Принятия Конвенции запланировано на 2018 год.



В этом контексте, секция «Правовой статус Каспийского моря: настоящее и будущее» призвана стать продуктивной площадкой для обмена информацией, подведения итогов переговорных процессов и определения перспектив развития прикаспийских государств в свете принятия Конвенции о правовом статусе Каспийского моря.

СЕКЦИЯ 2 «Потенциал и предпосылки для сотрудничества в медиа пространстве Каспийского региона»

Гуманитарный фактор взаимодействия и сотрудничества стран Каспийского региона, сегодня, в условиях интенсификации переговорных процессов, посвященных каспийской проблематике, становится приоритетным, наравне с экономическим и геополитическим.

В этой связи возрастает значимость взаимодействия прибрежных государств по формированию единого информационного пространства Каспийского региона.

Фокусом экспертного сообщества являются вопросы по формированию механизма информационного взаимодействия, взаимобмена контентом социально-экономической, культурной и гуманитарной направленности.

В этом контексте, целью секции «Потенциал и предпосылки для сотрудничества в медиа пространстве Каспийского региона» является обсуждение учеными и исследователями основных принципов и перспектив сотрудничества в медиа пространстве Каспийского региона, роли экспертного сообщества в формировании

актуальной повестки дня для прибрежных стран, механизмов формирования

информационного партнерства в многосторонних отношениях, а также возможность разработки совместных образовательных и научных программ и проектов в сфере массовых коммуникаций и печати.

«КАСПИЙ АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН КЕЛЕШЕГІ»

Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік
университетінің төрағалығымен
Каспий маңы елдерінің
мемлекеттік университеттері
Ассоциациясы аясында
Халықаралық сарапшылық
кездесуінің тұжырымдамасы

Бұл тұжырымдама «Каспий аймағындағы құқық және бұқаралық ақпарат құралдары: ынтымақтастық негіздері мен келешегі» халықаралық сарапшылық кездесуін дайындау және өткізудің мақсатын, міндеттерін, бағдарламасын және шара тәртібін бекітеді.

Ұйымдастырушы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Мекен-жай: Қазақстан 060011 Атырау қ.,
Студенттер даңғылы, 212. www.asu.edu.kz

Мәртебесі және қатынасушылар

Халықаралық деңгейдегі іс-шара. Шараға қатысуға Каспий аймағы елдері бұқаралық ақпарат құралдар кеңістігінің дамуы және Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі шеңберінде ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысып жүрген Әзірбайжан, Иран, Қазақстан және Ресей елдерінен ғалымдар шақырылады.

Ресми құжаттар

- Сарапшылық кездесудің концепциясы
- Сарапшылық кездесудің бағдарламасы
- Секциялар жұмысының қорытындылары бойынша ұсыныстар мен шешімдер

Өткізу тілдері

Қазақ, орыс, ағылшын

Өтетін уақыты

14 наурыз 2018 ж.

Мәнмәтін

Каспий маңы – бұл теңіз жағалауы мемлекеттерінің (Әзірбайжан, Иран, Қазақстан, Ресей, Түркіменстан) ұлттық мүдделері және сыртқы саясаты қиылысатын, сонымен қатар әлемдік нарықтағы энергетикалық ресурстардың негізгі ойыншылары – әлемдік ірі мемлекеттердің мүдделері тоғысатын геосаяси маңызды аймақ.

Каспий маңы дамуы кешенді тәсілді қажет ететін зор экономикалық және мәдени әлеуеті бар. Каспийде мемлекетаралық диалогты ұйымдастыру, барлық каспий маңы мемлекеттерінің қызығушылығына сай келетін аймақтағы интеграциялық үдерістерді дамыту үшін аса маңызды.

Аймақ үшін маңызды Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мәселесін шешу жағалаудағы мемлекеттер үшін қауіпсіздік, экономика, экология, энергетика және көлік салаларында ынтымақтастықтың келешегіне жол ашады. Сонымен бірге тиімді әлеуметтік-экономикалық серіктестіктің негізі гуманитарлық ынтымақтастық, атап айтқанда, білім беру мен ғылым саласындағы өзара іс-қимыл болып табылады.

Каспий теңізі мәселелерін шешу мақсатында күшті біріктіру және Каспий маңында бірыңғай білім беру

кеңістігін құру міндеттерін Каспий маңы елдерінің мемлекеттік университеттер Ассоциациясы табысты шешеді. Ассоциация 1996 жылы құрылып, аймақтық академиялық және ғылыми қауымдастықтың өзара әрекеттесуінің бірегей диалогы болып келеді.

Осы мәнмәтінде, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті өзінің Ассоциацияға төрағалық етуі шеңберінде «Каспий аймағындағы құқық және бұқаралық ақпарат құралдары: ынтымақтастық негіздері мен келешегі» атауымен Халықаралық сарапшылық кездесуін ұйымдастырады және ғалымдар мен зерттеушілерді сарапшылық кездесу жұмысына қатынасуға шақырады.

СЕКЦИЯ 1

«Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі: қазіргісі мен келешегі»

Каспий теңізі бірегей тарихы және даулы құқықтық мәртебесі бар географиялық және стратегиялық нысан болып табылады.


Қазіргі таңда 1921 және 1940 жылдары КСРО мен Иран арасында жасалған екіжақты халықаралық келісім-шарттар Каспий теңізі тәртібін реттеуші негізгі құжаттар болып табылады. Аталмыш келісім-шартта ішкі теңіз ретінде анықталғандықтан Каспий теңізіне 1982 жылғы Халықаралық теңіз құқығы туралы БҰҰ конвенциясының нормалары қолданылмайды.

1991 жылы жағдай қиындай бастады, себебі КСРО-ның тарауымен Қазақстан, Әзербайжан және Түркіменстанды қоса алғанда, Каспий маңы мемлекеттері саны беске жетті. Барлық Каспий маңы мемлекеттерінің позициялары әртүрлі әрі өздерінің ұлттық геосаяси және экономикалық мүдделеріне байланысты болады.

Аймақтың геостратегиялық және ресурстық құрамдас бөліктері Каспий теңізінің мәртебесін айқындау үшін бірнеше жыл бойы үздіксіз талқыланып келеді.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны әзірлеу туралы келіссөздер 1996 жылы құрылған Арнаулы жұмыс тобы, жағалаудағы мемлекеттердің бастамасымен, сонымен қатар екі және үш жақты кеңестер шеңберінде өткізілді. Бұл кездесулер биологиялық және минералды ресурстарды игеру, навигация, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Каспий экожүйесін сақтау бойынша ынтымақтастық мәселелерін

LAW AND MEDIA IN THE CASPIAN REGION:
THE BACKGROUND AND PROSPECTS FOR COOPERATION



шешудің тиімді механизміне айналды.

Ынтымақтастықтың нәтижесі 1991 жылдан бері барлық жағалау мемлекеттерінің мүдделерін есепке ала отырып, кең ауқымды мәселелер бойынша, соның ішінде су қоймасының экологиялық мәселелері, сауда-экономикалық ынтымақтастық, саяси күн тәртібі, сондай-ақ Каспий аймағының жалпы қауіпсіздігінің аспектілері бойынша консенсусқа қол жеткізілді.

Астраханда өткен Каспий маңы мемлекеттерінің 4-ші саммитінде Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы болашақ конвенцияның тұжырымдамасы жасалды. Конвенцияны қабылдау 2018 жылға жоспарланған.

Осы орайда, «Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны қабылдау аясында «Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі: қазіргісі және келешегі» секциясы ақпарат алмасу, келіссөздер процестерін қорытындылау және Каспий маңы мемлекеттерінің даму мүдделерін айқындау үшін тиімді алаң бола алады.

СЕКЦИЯ 2

«Каспий аймағы бұқаралық ақпараттық құралдары кеңістігіндегі ынтымақтастықтың әлеуеті мен алғышарттары»

Каспий аймағындағы елдердің өзара әрекеттестігі мен ынтымақтастығының

гуманитарлық факторы бүгінгі таңда Каспий мәселенамаларына арналған келіссөздер үдерісін жандандыру мәнмәтінде экономикалық және геосаяси мәселелеріндей басымдыққа ие.

Осыған байланысты Каспий аймағының бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыруда жағалау мемлекеттерінің өзара іс-әрекеттерінің маңыздылығы артып келеді.

Сарапшылар қауымдастығының басты назары – ақпараттық өзара әрекеттесу механизмін қалыптастыру, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және гуманитарлық бағыттағы контент алмасу мәселелері болып табылады.

Бұл тұрғыда, «Каспий аймағы бұқаралық ақпарат құралдар кеңістігіндегі ынтымақтастықтың әлеуеті мен алғышарттары» секциясының мақсаты – ғалымдар мен зерттеушілердің Каспий аймағы бұқаралық ақпарат құралдар кеңістігіндегі ынтымақтастықтың негізгі қағидасы мен келешегін, сарапшылар қауымдастығының жағалаудағы мемлекеттер үшін өзекті күн тәртібін қалыптастырудағы рөлін, көпжақты қатынастарда ақпараттық серіктестіктерді қалыптастыру механизмдерін, сонымен қатар бұқаралық коммуникация және баспа саласындағы бірлескен білім беру және ғылыми бағдарламалар мен жобаларды дайындау мүмкіндігін талқылау.

CONCEPT

**THE INTERNATIONAL
EXPERT MEETING
"LAW AND MEDIA IN
THE CASPIAN REGION:
THE FOUNDATIONS AND
PROSPECTS FOR COOPERATION"
within the framework
of the Chairmanship
of the Kh. Dosmukhamedov
Atyrau State University
at the Association
of Universities of the
Caspian Region States**

This concept of the International Expert Meeting "Law and media in the Caspian Region: Foundations and prospects for cooperation" determines its goals, objectives, guidelines, program and schedule of the event.

The organizer of the event
Kh. Dosmukhamedov Atyrau State University
Address: 212, Students Ave., Atyrau city, 060011, Kazakhstan
www.asu.edu.kz

Status and participants
Expert meeting is an international event. Researchers from Azerbaijan, Iran, Kazakhstan and Russia whose research interests involve the legal status of the Caspian Sea and development of media cooperation in the Caspian region are invited to participate.

Official documents
• The concept of the Expert Meeting
• Expert meeting program
• Proposals and decisions on the results of work of sections

Working languages
Kazakh, Russian, English

Date of the event
March 14, 2018

Context

The Caspian region is a region of high geopolitical importance, where national interests and foreign policies of coastal states (Azerbaijan, Iran, Kazakhstan, Russia, Turkmenistan) as well as the interests of world powers – the main actors of the world energy markets collide.

The Caspian region has a huge economic and cultural potential and its development requires an integrated approach. The organization of interstate dialogue in the Caspian region is vitally important for the development of integration processes which meet the interests of all the Caspian states.

The solution of the region's main issue on the legal status of the Caspian Sea opens up the prospects for cooperation between the coastal countries in the fields of security, economy, ecology, energy, and transport. The humanitarian cooperation, in particular, interaction in the field of education and science is a basis for effective social and economic partnership.

The Association of Universities of the Caspian Region States

is successfully completing the tasks of combining efforts to solve the problems of the Caspian Sea and creating a unified educational space in the Caspian region. Established in 1996 the Association is a unique interactive platform for the regional academic and scientific communities.

In this context, within the framework of the Association chairmanship, the Kh. Dosmukhamedov Atyrau State University hosts the International Expert Meeting "Law and Media in the Caspian Region: the Foundations and Prospects for Cooperation" and invites scientists and researchers to participate in the expert meeting.

SECTION 1**"Legal Status of the Caspian Sea: Present and Future"**

The Caspian Sea is a geographic and strategic facility with a unique history and a controversial legal status.

Currently, the main documents governing the regime of the Caspian Sea are the bilateral international treaties concluded between the USSR and Iran in 1921 and 1940, which defined the Caspian Sea as an inland sea, so the norms of the 1982 UN Convention on International Maritime Law do not apply to it.

Since 1991, the situation has become more complicated by the fact that with the collapse of the USSR five Caspian states, including Kazakhstan, Azerbaijan and Turkmenistan, entered the picture. The positions of all the Caspian states are different and are conditioned by their own national geopolitical and economic interests.

The geostrategic and resource components of the region determined the ongoing discussion over a number of years to develop options for the status of the Caspian Sea.

Negotiations on the elaboration of the Convention on the Legal Status of the Caspian Sea were carried out within the framework of the Ad Hoc Working Group, established in 1996 on the initiative of coastal states, as well as in bilateral and trilateral

consultations. These meetings have become an effective mechanism for solving a set of cooperation issues in the development of biological and mineral resources, navigation, security and conservation of the Caspian ecosystem.

The result of cooperation since 1991 was the achievement of consensus on a wide range of issues, including environmental problems of the reservoir, trade and economic cooperation, the political agenda, as well as aspects of the overall security of the Caspian region, taking into account the interests of all riparian states.

At the 4th summit of the Caspian states, held in Astrakhan, the framework of the future Convention on the Legal Status of the Caspian Sea was formulated. The adoption of the Convention is scheduled for 2018.

In this context, the section "Legal status of the Caspian Sea: present and future" is intended to become a productive platform for information exchange, summarizing the negotiation processes and determining the prospects for the development of the Caspian states in terms of the adoption of the Convention on the Legal Status of the Caspian Sea.


SECTION 2 "Potential and prerequisites for cooperation in the media space of the Caspian region"

The humanitarian factor of interaction and cooperation of the countries of the Caspian region, today, in the context of the intensification of the negotiation processes dedicated to the Caspian issues, becomes a priority, along with the economic and geopolitical factors.

In this regard, the importance of the interaction of coastal states in the formation of a unified information space of the Caspian region is growing.

The focus of the expert community is on the formation of a mechanism for information interaction, mutual exchange of social, economic, cultural and humanitarian content.

In this context, the purpose of the section "Potential and Prerequisites for Cooperation in the Media Space of the Caspian Region" is the scientific discussion of the main principles and prospects for cooperation in the media space of the Caspian region, the role of the expert community in the formation of an urgent agenda for coastal countries in multilateral relations, as well as the possibility of developing joint educational and scientific programs and projects in the sphere of mass communications and the press.



Университетіміздің үздік оқытушылары

Құттықтаймыз!



Жыл сайын еліміздегі ЖОО профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық және ғылыми шеберлігін саралайтын «ЖОО-ның үздік оқытушысы» байқауы үздіктерді анықтады.

Биыл «2017 жылғы ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағына Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 4 ғалымы: экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, экономика кафедрасының меңгерушісі Сабирова Рысты Қуандықовна, педагогика

ғылымдарының докторы, менеджер кафедрасының меңгерушісі Уталиева Райхан Сағытжанқызы, педагогика ғылымдарының кандидаты, шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы Абдол Элеонора Досжанқызы, п.ғ.д., қауымдастырылған профессор, Инновациялық білім беру факультетінің деканы Муханбетжанова Ақмарал Утепбергеновна ие болды.

Әріптестерімізді құттықтай отырып, білім мен ғылым жолындағы ізденістеріне зор табыс тілейміз!

Победители грантового финансирования 2018–2020!



Поздравляем победителей конкурса грантового финансирования по научным и научно-техническим проектам на 2018–2020 годы!

АО Национальный Центр Государственной Научно-Технической Экспертизы на основании решения Национальных научных советов опубликовало списки проектов, поддержанных по Конкурсу грантового финансирования по научным и научно-техническим проектам на 2018–2020 годы. Победителями конкурса стали 3 проекта учёных Атырауского государственного университета имени Х.Досмұхамедова:

1. д.и.н., профессор Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы с темой проекта «Институт биев, батыров, тарханов, жасаулов, ходжей в структуре Казахского ханства: их деятельность и ликвидация (XV–XIX вв.)».

2. к.ф.н., асс. профессор, заведующая кафедрой Журналистика Мукашева Маншук Тынышканиевна с темой проекта «Концепция развития Казахстанской электронной журналистики в условиях конвергенции масс-медиа (на основе KnowledgeBase)».

3. д.х.н., профессор Шамбилова Гульбаршин Кожамбетовна с темой проекта «Фундаментальные закономерности реологических свойств наноконпозиционных полимерных материалов».

Поздравляем победителей и желаем творческих успехов в реализации проектов!

Ссылка на официальный сайт:
http://is.ncste.kz/object/current-state?ov_type_id=51

О науке!

На Ученом Совете университета, проходившем в январе 2018 года, обсудили результаты научной деятельности за предыдущий 2017 год.

В Стратегии развития университета на 2016–2020 годы предусмотрены 5 стратегических направлений, в которых особое внимание уделено развитию научно-исследовательской деятельности.

Формирование вуза как исследовательского центра, ориентированного на инновационное развитие, осуществляется с участием 1 научно-исследовательского института, 7 научно-исследовательских центров, 8 лабораторий. Ежегодно утверждается программа НИР и НИОКР.

За 2017 год Департаментом науки совместно с офисом коммерциализации проведено более 30-ти обучающих мероприятий, направленных на укрепление научно-исследовательского потенциала ППС университета, на трансферт знаний в области коммерциализации научных проектов.

Для реализации третьего стратегического направления – научно-исследовательская деятельность поставлена цель – интеграция образования-науки-индустрии и бизнеса.

По данному направлению определены 2 целевых индикатора:

1. Доля научно-исследовательских структур университета, внедривших результаты собственных научных исследований в производство, от общего количества. В 2016 году она находилась на нулевом уровне, в 2017 году составляет 5%.

2. Количество научных проектов и программ, реализованных совместно с национальными компаниями и частными предприятиями и бизнес – структурами региона увеличилось в 2017 году по сравнению с 2016 годом в 3 раза.

По данному направлению произошло увеличение ожидаемых результатов.

Увеличилось количество соглашений между научными организациями университета и бизнес – структурами и производством на 40%.

Увеличилось число НИИ, технопарков, офисов коммерциализации, привлеченных к совместным проектам и реализации научных разработок, в том числе из ближнего и дальнего зарубежья в 3 раза. Налажена работа офиса коммерциализации и бизнес-инкубатора университета, работа с научно-исследовательским центром Гилянского университета Республики Иран и Нижегородским научно-исследовательским институтом математики и прикладных технологий.

Объем доходов от реализации результатов НИР в университете в выполнении прикладных научных исследований от общего объема финансирования увеличился в 10 раз. Повышение обусловлено реализацией проекта коммерци-



лизации результатов научной деятельности, финансируемое Фондом науки МОН РК общую сумму 173 млн.тенге.

Объем финансирования из альтернативных источников увеличился в 20 раз. Реализованы два проекта совместно с компанией Тексан Казахстан на сумму 20 млн.тенге по разработке беседки с вращающейся крышей из солнечных панелей и энергетического дерева.

Для достижения цели данного стратегического направления поставлены и решаются основные задачи:

- обеспечение условий для продуктивной научно-исследовательской деятельности;
- трансферт знаний в области коммерциализации научных проектов.

Решение задач привели к достижению следующих результатов:

Количество выполненных прикладных исследований, в том числе исследований в рамках внешнего финансирования увеличилось в 3 раза.

Доля научных публикаций в дальнейшем зарубежье на одного штатного преподавателя в 2017 году увеличилась вдвое и составляет 23%.

Доля учебников, изданных с грифом МОН, учебных пособий и монографий с ISBN на одного штатного преподавателя достигла планируемого уровня и увеличилась на 2,5% в 2017 году по сравнению с 2016 г.

Доля патентов, свидетельств по интеллектуальной собственности и других охранных документов на одного штатного преподавателя увеличилась на 5%, в 2017 году зарегистрировано 13 авторских свидетельств.

Доля обучающихся, вовлеченных в процесс реализации проектов в НИИ университета увеличилась на 5%. Сформирован реестр тематик магистерских исследований в соответствии с научными направлениями вуза и приоритетами устойчивого развития. Все магистерские диссертации выполняются в рамках научных проектов университета.

Объем финансирования НИР на одного штатного преподавателя увеличился в 10 раз в 2017 году по сравнению с 2016 годом и превысил запланированный показатель.

Мусаева Айман
Амангельдиевна,
директор
департамента науки, к.э.н.

«Ахмет Байтұрсынов – қазақ руханиятының көсемсөзі» тақырыбындағы дөңгелек үстел өтті

«Ахмет Байтұрсынов – қазақ руханиятының көсемсөзі» тақырыбымен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында Атырау облысы Мәдениет, Архивтер және құжаттама басқармасы, Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен әдебиет зерттеушісі, ғалым Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 145 жыл толуына орай дөңгелек үстел өтті. Ахмет Байтұрсынов – ұлт мақтаншы, қоғам қайраткері, қазақ әліпбиінің алғашқы авторы, ақын, аудармашы, ағартушы, педагог, түркітанушы. Кезінде қуғын-сүргінге ұшыраған оның есімі көп уақыт бойы аталмай, қазақ тарихынан лайықты орын ала алмады. Ал қазіргі таңда оның жасаған қызметтерінен өскелең ұрпақ үлгі алып, жазған еңбектерін оқып, білім нәрімен сусындап жүр.

Дөңгелек үстелге Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Журналистика кафедрасының оқытушысы Ф.Балғожиев, аға оқытушы Л.Мажитова қатысып, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры А.Қыдырбаева «А.Байтұрсынұлы зерттеулеріндегі ауыз әдебиетінің тіл тақырыбы», Атырау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалім-модераторы Б.З.Джумағалиева «Байтұрсынов емлесі және латын әліпбиіндегі сабақтастық», педагогика ғылымдарының магистрі

Қ.Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Ж.У.Жалғасбаева «Тұңғыш қазақ әліпбиі», Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдарының магистрі Н.Нұрланқызының жетекшілігімен журналистика мамандығының 4 курс студенті А.Исеналиева «Ахмет Байтұрсынов еңбектерінің жанрлық ерекшелігі» және магистрант Н.А.Хаметова «А.Байтұрсынов және қазақ терминологиясы» тақырыптарында баяндамаларын жасады.

Дөңгелек үстелдің басты мақсаты өскелең ұрпаққа қазақ әдебиетінде ойып тұрып орын алатын ақын-жазушылардың еңбектерін елеп, шығармашылығымен толықтай таныса отырып, насихаттау болды. Дөңгелек үстелде ағартушының тарихтағы орны, қазақ әліпбиіндегі, қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесін дәріптеді. Қазақ халқындағы саяси қозғалыстар А.Байтұрсынұлының есімімен тікелей байланысты екендігі баса айтылды.

Өткізілген жиын соңында қатысушылар жасалған баяндамаларға оң бағасын беріп, өз пікірлерімен бөлісті. Шара соңында баяндамалары мен талғамды ой-пікірлері жоғары бағаланып, қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды.

Толғанай ЖҰМАГЕЛДИЕВА,
Журналистика мамандығының
1-курс студенті

Мазмұнды кездесу болды



10 ақпан күні Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті журналистика кафедрасында ақын, журналист, әдеби байқаулардың лауреаты, Халықаралық «Шабит» фестивалінің Бас жүлдегері, «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі-Бақытгүл Бабаш қонақта болып, шеберлік сыныбын өткізді. Шеберлік сыныптың өтуіне журналистика кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к профессор Мәншүк Тынышқалиқызы ықпал етті. Шеберлік сынып «Сөз өнері: тіл және сөйлеу» атты тақырып аясында жүрді. Кездесу барысында Бақытгүл Бабаш алдымен студенттерге өзінің шығармашылық жолы туралы қысқаша мәлімет беріп өтті. Шеберлік сыныпқа қатысқан Журналистика кафедрасының 1 курс студенттері көкейтесті, өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, нақты жауаптарын алды. Аталмыш шара студенттерге шабыт беріп, журналистика саласының көп ізденісті қажет ететіндігіне дәлел болды.

Өткізілген шара ақиық ақын,

шынайы поэзия өкілі Мұқағали Мақатаевтың туған күнімен тұспа-тұс келуіне байланысты, кеш қонағы ақындық жағынан сыр шертіп, өз өлеңдерінен үзінділер оқыды. Осыған орай журналистика студенттері де әр түрлі тақырыпта жазылған өлең шумақтарын оқып, ақын алғысын алды. Шара барысында кафедра меңгерушісі Мәншүк Тынышқалиқызы мен студенттер өз алғыстарын білдіріп, арнайы сыйлықтарын табыс етті. «Егемен Қазақстан» газетінің Атырау облысындағы меншікті тілшісі Бақытгүл Бабаш «Сөз өнері: тіл және сөйлеу» атты тақырыбында өткен шеберлік сыныбына қатысқаны үшін арнайы сертификаттар табыстады. Шара соңында кафедра оқытушылары мен студенттер естелік суретке түсіп, жақсы сезіммен тарасты.

Дания ЕСЕНГАЛИЕВА,
Журналистика мамандығының
1-курс студенті

Білім құндылығы әрқашан маңызды



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының наиб мүфтиі, PhD доктор, дінтанушы ғалым Алау Әділбаев келіп, кездесу өткізді.

Рухани жаңғыру бағдарламасы аясындағы білім, ғылым, дін, дәстүр сабақтастығы жайында сөз болған кездесуге ҚМДБ Атырау облысы бойынша өкілі «Иманғали» мешітінің бас имамамы, PhD доктор Батыржан Мансуров және гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің ұстаздары мен студенттері қатысты.

Жиында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының наиб мүфтиі Алау Шайқымұлы басқарманың қазіргі кездегі ұстанымы, атқарылған істері және болашақ жұмыс жоспарымен таныстырды. Оның ішінде, басқарма тарапынан білім құндылығына жоғары маңыз беріліп отырғандығын, Құранның өзінде де «Оқу», «Оқы», «кітап», «қалам» сияқты білім мен ғылымға қатысты сөздердің көптеп кездесуінің ислам дінінің білім мен ғылымға баса мән бергендігінің дәлелі ретінде бірнеше аяттар мен сүрелердегі үзінділер арқылы, қарапайым да мәнді дәйектермен түсіндірді. Ұстаздардың қоғамдағы мәртебесінің ислам дінінде әрқашан жоғары болғандығы, Құранның халықтың сауаттылығын арттырудағы және жазу мәдениетінің таралуындағы ролі жөнінде де ғалымның мазмұнды әңгімелерін қатысушылар ұйып тыңдады. Сондай-ақ, дінтанушы

ғалымдардың қазақ даласынан шыққан Сығнақи, Кердери, Испиджаби және басқа да ұлы ғалымдардың зерттеулері арқылы жұртшылыққа таныла бастағанын айтып өтті.

Алдағы жылдары «Дін мен дәстүр сабақтастығы», «Тарих тағылымы» ұстанымдары бойынша бірқатар жүйелі жұмыстарды жүзеге асырған діни басқарма өкілдері қазіргі уақытта «Өзгеруді өзіңнен баста» ұстанымын қолға алып, рухани жаңғырудағы адамның жан дүниесі, ақыл, білім, оның ішінде пайдалы білім, білімді тәрбиемен ұштастыру бойынша жұмыстарды қолға алған.

Кездесу барысында тарих ғылымдарының кандидаттары Жұмазия Кенжебаева, Гүлфайруз Қайрғалиева, Х.Досмұхамедов атындағы дарынды балаларға арналған ұлттық гимназияның тарих пәні оқытушысы, магистр Назар Ұттыбаев өз сауалдарын қойып, ойларын ортаға салды.

Атырау университеті ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор Саламат Идрисов қонақтарға мазмұнды пікірлері мен пайдалы ақпараттары үшін қатысушылар атынан ризашылық білдірді.

Гүлфайруз ҚАЙРҒАЛИЕВА



ОРТАЛЫҚТЫҢ СЕРПІЛІСІ

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында өлке тарихының беймәлім тұстарын ашу, төл тарихты түгендеп, бай шежірелімізді кейінгі ұрпаққа аманаттау біздің перзенттік парызымыз болып табылады. Латын әліпбиіне көшу, «Туған жер», «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиялық белдеуі», «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобаларының негізгі мақсаты – ұлттық рухты көтеру, ізгілікті арттыру, әр адамның санасына туған жеріне деген сүйіспеншілікті, ал жүрегіне ізгілік нұрын ұялату.

Орталық ғалымдары Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау мақсатында құрылған облыстық жұмыс тобының мүшелері болып табылады.

Жоғары да аталған бағдарламаларды жүзеге асыру аясында ғылыми-зерттеу орталығы Атырау қаласы, Индер, Махамбет, Жылыой, Исатай аудандарының жұртшылығымен кездесулер өткізді. №1 облыстық кітапханалар жүйесі №7 қалалық кітапхана базасында «Алаш мұрасы» атты конференцияда т.ғ.д., профессорлар А.Ахмет «Алаш қайраткерлері», Л.Бердіғожин «Алаш кезеңі – серпіліс сипаты» тақырыбында баяндамалар жасады. Шараға Қ.Дүтбаева атындағы гуманитарлық колледж студенттері қатынасып, сұрақтар беріліп, тақырыпқа қызығушылықтарын білдірді. Ал Индер ауданы Жарсуат ауылының Мәдениет үйінде «Рухани жаңғыру: Өлкенің өткені мен бүгінгі» тақырыбында ауыл тұрғындарымен кездесу ұйымдастырды. Университет қабырғасында «Педагогика және психология» кафедрасымен бірлесіп «Рухани жаңғыру: өлке тарихынан» тақырыбында 1-2 курс студенттерімен кездесу кеші өткізілді. Кездесу барысында Елбасының бағдарламалық мақаласының мән-маңызына тоқталып, «Туған жер» бағдарламасы аясында атқарылатын мәселелер төңірегінде сөз қозғалды. Кездесуде студенттер тарапынан көптеген сұрақтар қойылып, кеш қызықты да тартымды өтті. Ғылыми-зерттеу орталығы «Қазақстан РТК» АҚ Атырау облыстық филиалымен тығыз қарым-қатынас орнатып, Атырау телеарнасының «Жаңғырық» тарихи-танымдық бағдарламасының шығармашылық тобымен бірлесіп «Туған өлке тарихы» атты 2017 жылы Рф Мәскеу, Санкт-Петербург, Орынбор, Самара, Саратов, Астрахань қалаларындағы архивтардан өлке тарихына қатысты материалдарды жинақтау мақсатындағы археографиялық экспедицияның жұмысы туралы хабар дайындады. Экспедиция жұмысы барысында жинақталған өлке тарихына қатысты деректер мен мәліметтер туралы орталық директоры, т.ғ.д. А.Ахмет, орталықтың ғылыми қызметкері, т.ғ.к. Қ.Сүндетұлы, т.ғ.д. Л.Бердіғожин, т.ғ.к. Н.Сармурзина кеңінен хабар етті. Осы бағдарлама аясында «Жәрмеңкелер», «Ел қорғаны – аналар», «Архив – ел тарихының қайнар көзі» тақырыбында

бағдарламалық түсірілімдер жасады. Түсірілім барысына 3 курс студенті Ж.Сейдіғабар, 2 курс магистранты Т.Пангерей қатыстырылып, сұхбаттар берді. Бұл түсірілімдер облыстық «Атырау» телеарнасынан көрсетілді.

Атырау облысы мемлекеттік мұрағатының ұйымдастыруымен өткен «Атырау облысына 80 жыл: архив құжаттары ізімен» атты дөңгелек үстелге орталық директоры, т.ғ.д., доцент А.Ахмет және ғылыми қызметкер, т.ғ.к. Қ.Сүндетұлы қатынасып, сөз сөйлеп, архив қызметкерлері мен университеттің тарихшы ғалымдары және студенттері, магистранттарымен бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру туралы ұсыныс-пікірлерімен ой бөлісті. Ғылыми-зерттеу орталығы ғалымдарының рухани жаңғыру бағдарламасы, өлке тарихына қатысты 80 жуық ғылыми, ғылыми-танымдық мақалалары халықаралық, республикалық конференциялар мен республикалық, облыстық, аудандық мерзімді баспасөз беттерінде мақалалары жарияланды.

Сонымен бірге орталық өз тарапынан Ақтөбе облысы Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейіне Санкт-Петербург қаласындағы Ресей Федерациясы тарих архиві қорынан табылған атақты Көкжар (Ойыл) жәрмеңкесіне қатысты тарихи фотосуреттер тарту етілді. Осыған орай аудандық «Ойыл» газетінде (18.01.2018 ж.) «Музей қоры құнды суреттермен толықты» тақырыбында мақала жарияланып, алғыстарын білдірді. Орталық ғалымдары бүгінгі таңда архив материалдары негізінде жинақ, монография дайындау үстінде. Орталықтың атынан М.Шоқайдың 12 томдық шығармалар жинағы (құрастырушы және алғы сөздері мен түсініктемелерін жазған т.ғ.д., профессор К.Л.Есмағамбетов) университеттің ғылыми кітапханасына және «Атырау» газетінің 95 жылдық мерей тойына байланысты ұйымдастырылып жатқан мұражайға батыс өлке баспасөзінің тарихын зерттеуші Қ.Сүндетұлының 8 кітабы тарту етілді.

Орталық атқарған іс-шаралар университеттің сайтына уақытылы жарияланып отырады. Бұл жұмыстар өз жалғасын табады деген ойдамыз.

**Аққали АХМЕТ,
«Атырау өлкесі тарихы,
археологиясы және
этнографиясы» ғылыми-
зерттеу орталығының директоры,
тарих ғылымдарының докторы**





Жаңа жылдың бастауы – Наурыз түрік тілдес халықтарының ортақ мерекесі. Наурыз – әлем халықтары арасындағы жылдың жаңаруын алғаш әйгілейтін, адамзатқа дәстүрлеген бірден бір ежелгі мереке болып саналады. «Наурыз» сөзінің әлем бойынша таралу аумағына қарағанда, бұл ұлық мейрамның көптеген елдерге ортақ екендігін түсінесің. Мейрамды Алдыңғы және Орта Азия елдерінің көптеген халықтары көктем мерекесі және табиғаттың жаңару күні ретінде 3 мың жылдан бері атап өтіп келеді. Ал кейбір деректерде наурыз шығыс славяндарына да ортақ екендігі жазылған. Бұл мереке туралы тарихи деректерді көне және орта ғасырлық авторлардың еңбектерінен жиі кездестіре аламыз. Тәжіктер оны «Гульгардон» немесе «Гульнавруз», татарлар – «Нардуган», ежелгі гректер «Патрих» деп атаған екен. Ықылым заманнан мерекені атап өтудің негізінде табиғатқа деген махаббат пен адамгершілік қағидаттары жатты. Оның ескілігіне қарамастан, мереке халық жадында сақталып, қазіргі уақытта терең рухани-этикалық мағынаға ие болды. Қазақша жыл қайыру бойынша бұл күн әдетте күн мен түн теңесетін – 21 наурызға сәйкес келіп отырған. Сондықтан, қазақтар «бұл айды – наурыз деп атады. Бұл айда осы уақытта табиғат жаңарып, тіршілік оянады, көктемнің алғашқы найзағайы ойнап, көк шығады деп саналған. Қазақ елі Наурызды қалай қарсы алған? Қызыр түні Жаңа жыл табалдырықтан аттап, үйге енгенде, «жалғыз шам сәуле болмас» деп төрге қос шырақ жағылып қойылған. «Жаңа жыл мұнтаздай таза үйге кірсе, ол үй аурысырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деген сеніммен Наурыз қарсаңында үй ішіндегі жиһаз-мүліктің шаңы қағылып, жуылып тазартылады. Бұл түні ауыл бойжеткендері өздері ұнатқан жігіттерге арнап соғымның соңғы етін уызға салып пісіріп, «ұйқыашар» аталатын ерекше дәм дайындайды. Ал жігіттер мен бозбалалар болса, қыздардың қолақысының қарымтасына айна, тарақ, иіс судан тұратын сыйлықтарын ұсынады. Бұл күнді ата-бабамыз Ұлыстың Ұлы күні деп атап кеткен. Яғни наурызды неғұрлым жомарттықпен атап өтсең, келер жылдың шарапаты соғұрлым көп болады. Мерекелік дәстүрлер мен нышандардың көл-көсір мол болуы да осында жатыр. Бұл күн қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Ол күні қар не жаңбыр жауса, «нұр жауды», «туар жыл

жақсы жыл болады» деп қуанған. Аңыз-жырларымызда арудың сұлулығы мен жібектей мінезін наурыздың ақ қарымен теңеген. Қазақ мерекені көрісуден бастаған. «Қыстан аман-есендікте, бауырымыз бүтін, төрт көзіміз түгел шықтық», – деп ағайын, туыс-жораға барып көріскен, сәлемдескен. Ер адамдар қос қолдасып, төс соқтырады, ал әйелдер болса, құшақтасады, ерлер мен әйелдер кездесе, құшақ айқастырады. Ал дәл мереке күні бүкіл ауыл ел болып, әсіресе жастар жағы таң шапағатын қарсы алғаннан кейін, «Бұлақ көрсең, көзін аш» деп қаумаласқан жігіттер айнала төңіректен бастаулардың көзін ашса, «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын!», «Бір тал кессең, он тал ек!» деген қариялар бұлақ басына тал егеді. Әйелдер атып келе жатқан Күнге тәу етіп, «Армысың, қайырымды Күн-Ана!» деп иіліп сәлем береді, «Кеудесі түкті Жер-Ана, құт дарыт, жарылқа!» деп ашылған бұлақ көзіне май құйып, жаңа егілген ағаштарға ақ бүркеді. Бұдан кейін ұлттық ойындар ойналады: көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбақан, балтам тап, тең көтеру, бағанаға өрмелеу, арқан тартыс, жаяу жарыс және тағы басқалар. Ежелгі Наурыз тойының мәнге толы тағы бір дәстүрі өгіз сойып, қазан көтеру. Жас жігіттер ошақ қасына өкіртіп әкеліп өгіз сояды да, оның бауыздау қанымен ойнап жүрген балалардың маңдайына дөңгелек ою салады. Қыз-келіншектер болса тоқшылық пен ырыс-құттың жоралғысы ретінде дәмді тағамдарды молынан езірлейді. Олардың арасында мейрамның ең басты дәмі – Наурыз көже бар. Оның құрамы жеті түрлі заттан – соғымнан қалған сүр ет, қойдың басы, сүт, езілген құрт, бидай (тары, күріш), пияз және судан тұрады. Онымен бірге ақ мол болсын, дастархан майлы болсын деген ырыммен ыдыстарға бидай, арпа, сұлы, жүгері толтырып, сүт, айран, шұбат, шалап, уыз құйып қойылады. Кеш түсіп, күн батуға айналған мезетте ортаға екі ақын шығып, жақсылық пен жамандықтың, суық пен жылының, қыс пен жаздың күресін бейнелейтін «өлі мен тірінің» айтысын бастайды. Алтыбақан басында жастар түнімен халықтық ойындар ойнайды, айтысады. Бұл кеште айтылмаған ән, тартылмаған күй, танылмаған шешен қалмайды. Таң ата көпшілік биіктеу төбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алады. Қазақтың астрономиялық түсінігі бойынша, Жаңа жылда Күннің көзі көрінген уақыттан кейінгі екі сағат

уақыт «күн сәті» деп саналады. «Егер кімде-кім Ұлыс күннің күн сәтінде күн шұғыласын маңдайымен тосып қарсы алса, оған Наурыздың құты дариды» деген. Наурыз мейрамының тағдыры қазақ жұртының тағдыры іспеті оңай болған жоқ. Тоталитарлық жүйе кезеңінде (1926 жылы) ұлттық сипатқа ие мереке-мейрамдар мен әдет-ғұрыптардың қатарына Наурыз да жатқызылып, «діни астары бар» деген сылтаумен оны мерекелеуге тыйым салынды. Тек 1988 жылы ғана Ұлыстың ұлы күні – Наурыз қазақ даласында қайта жаңғырды. Ал 1991 жылы 15 наурызда Қазақ КСР Президентінің Жарлығы шығып, Елбасы 22 наурызды – «Наурыз мейрамы» деп жариялады. Осы уақыттан бастап Әз-Наурыз мемлекетіміздің мерейлі мерекесіне айналып, республика бойынша кеңінен тойланып келеді. Онымен бірге, 2010 жылдың 23 ақпанында Әзірбайжан мемлекетінің ұсынысымен Қазақстан, Ауғанстан, Иран, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркия, Албания, Македония және Үндістан елдерінің қолдау көрсетуімен Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы, 21 наурызды – Халықаралық Наурыз күні етіп белгіледі. Осылайша, Балқаннан Орта Азияға дейінгі өңірлерде сан ғасырлар тойланып келген мерекені әлемге жар салып, өту мүмкіндігі туды. Ендігі міндет қазақтылығымызды сақтап, ата дәстүрімізді жаңғыртып, ұлы мерекенің қадір-қасиетін ұлықтап, оны жыл сайынғы дәстүрлі тойлаудан да ерекше өткізу. Наурыз айы тек ғана біркүндік қазақ екендігімізді еске түсіретін емес, қазақ болып туғандығымызды мақтан ететін тарихи қуаныш.

Наурыз айы – нағыз атаулы даталар жинақталған мереке айы. Себебі, 1 наурыз – алғыс айту күнінен басталып, 8 наурыз – халықаралық нәзік жандылар мерекесімен жалғасып, 14-де ел жұртпен көрісіп, 22 наурызда Жаңа жылымызды тойламақпыз. Ендеше арайлап жеткен Әз-Наурыз мейрамында ақ мол болып, жылымыз ырысты болсын. Ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы, бейбітшілік пен келісімнің арқауы болған Ұлыстың Ұлы күні қазақ еліне бақ-береке, толағай табыстар әкелсін!

Мырзабек Аяулым
Халел Досмұхамедов атындағы
Атырау Мемлекеттік университеті
Журналистика мамандығының
3 курс студенті



Жаңа ғасырдағы ұлттық сана терең тамырлы тарихымыздан бастау алады



Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында келесі мәселелерге көңіл аударылған болатын: аудиторияны белгіленген қоғамдық сананы жаңғыртудың Қазақстанның жаңғыру процестерінің, атап айтқанда, саяси реформалау мен экономиканы жаңғыртудың қисынды жалғасы екеніне бағдарлау қажет. Бұл ретте мәлімделген жаңғыртушылық түрленулердің айқын мақсаттары, басымдықтары, қол жеткізу әдістері бар. Қоғамдық сананы жаңғырту ұзақ мерзімді сипатқа ие және Қазақстанның мәдени және рухани мұрасын сақтау және ілгерілету саласында іске асырылған «Мәдени мұра» («Культурное наследие», 2004) және «Халық тарих толқынында» («Народ в потоке истории», 2013) ірі бағдарламаларына негізделген.

XXI ғасырдағы ұлттық өзіндік сананы жаңғыртудың маңызды бағыты жеке деңгейде де, қоғамдық деңгейде де бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, эволюциялық даму және сананың ашықтығы болып табылады.

Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында жаңа ғасырдағы ұлттық сана терең тамырлы тарихымыздан бастау алатыны туралы атап айтылды.

Президент мақаласын негізге ала отырып, «Әр тілден әлемнің 100 үздік оқулығы», «Туған жер» және одан әрі «Туған ел», «Қазақстанның киелі жерлері» жобасы, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстандағы 100 жаңа тұлға» бағдарламалары бойынша шараларды ұйымдастырудың келешек жас ұрпақ үшін қажеттілігі зор.

Президент елдің жастарына жаңа дәуірлер тоғысында Қазақстанның жаңару мен жаңа идеялар арқылы өз болашағын өзі құратын айрықша тарихи мүмкіндігі бар деп үн қатады. Мемлекет басшысы жаңа жағдайда жаңаруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы екеніне сенімді. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді. Сондықтан Елбасы былай деп атап өтеді: «Реализм

мен прагматизм негізінде қоғамдық сананы өзгертуге пәрменді атсалысу үшін еліміздің әрбір азаматы, жалпы қоғам, саяси партиялар мен қозғалыстар, барлық мемлекеттік органдар өздерін жетілдіруі қажет: ағымдағы жағдайды талдауы, қай жерде екенін айқындауы, баршаға және әрқайсымызға не істеу керек екенін ұғыну керек. Біз біртұтас және ұлы ұлт екенімізді мақтан тұтуымыз қажет. Бізде жалғыз жол бар: жаңару арқылы жарқын болашаққа!».

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» – мақаласының «Қазақстанның киелі жерлері» жобасы аясында Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен Экономика және құқық факультетінің профессор-оқытушылар құрамы және студенттері 2018 жылдың 20-22 ақпан күндері Қазақ даласындағы ең көне тарихи орындардың бірі Сарайшық қаласына барып қайтты. Мақсат: Студенттердің Отанға деген патриоттық сезімін қалыптастыру, өз елінің мәдени тарихи ескерткіштеріне құрмет көрсету, сонымен қатар студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру.

Сарайшық мұражайының директоры Бердімұратов Молдаш Сембайұлы Қазақ даласындағы ең көне орындардың бірі – Сарайшық қаласының пайда болуына тоқталып, Хан ордалы Сарайшықтың құрылуымен, мұражай құндылықтары болып табылатын сол кездегі қаланың тыныс тіршілігін бейнелейтін көне жәдігерлермен таныстырды.

Тарихшы ғалымдар оның пайда болуын XIII ғасырда, яғни Шыңғыс хан мен Батудың жасаған шапқыншылығымен байланыстырады. Әзірге белгілі болған деректерге сүйенсек, бұл орын туралы жазба мәліметтер XIV ғасырдың алғашқы жартысынан басталады да, оларда Сарайшық гүлденген қолөнері мен сауда қаласы болғандығы айтылады.

Көп жылғы ғалымдардың зерттеулері, қала орнына жүргізілген қазба қорытындылары, әсіресе 1996-2000 жылдары Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының Сарайшық

қаласының орнына жүргізген зерттеулеріне сүйене отырып, көптеген жылдардан жинақталған жәдігерлерді толықтырып, 1999 жылы 3 қыркүйекте Көне Сарайшық қаласының тарихын, жалпы XI-XVII ғасырдағы қазақ халқының тарихына арналған «Хан Ордалы Сарайшық» мұражай қорығы ашылды. Мұражай Атырау қаласынан 50 км қашықтықта, Махамбет ауданында орналасқан. Кешен үш құрамнан тұрады.

I. Хандар Пантеоны. Авторы сол кездегі облыс әкімі Иманғали Тасмағамбетов. Биіктігі 17 метр, 8 қабырғалы. Қабырғалар арасына Сарайшықта жерленген жеті ханға арнап құлпытастар қойылған. Бұл құлпытастарда қара мраморға жазылған хандардың аттары мен хандық құрған мезгілдері көрсетілген.

II. Мұражай. Мұражай ішіне Сарайшық қазбасынан шыққан тарихи жәдігерлер қойылған, XIV ғасырдағы Сарайшық қаласының макеті жасақталған. Мұражайдың естелік кітабынан осында әр мезгілде болған қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың, өнер шеберлерінің шет елдік қонақтар мен көрермендердің ой-пікір, тілектерін оқуға болады.

III. Қазба орны. Күншығысқа қарай 1,5 шақырым жерде Жайық өзенінің иінінде

орналасқан жалпы көлемі 600х600 метр алаңқайды алып жатқан қазба орнында жаз айларында Ә. Марғұлан атындағы Қазақ археология институтының Батыс филиалының экспедициясы жұмыс істейді.

Студенттер мұражаймен таныса отырып, тарих арқылы өткенге көз жүгіртіп, болашаққа үлкен сеніммен қарайды.

Атырау облысының әкімі Н. А. Ноғаев 2017 жылғы 22-желтоқсандағы кезекті жыл сайынғы есеп беруінде атқарылған және болашақта атқарылатын ауқымды міндеттерге тоқталып өткен болатын. Соның бірі көп адамның көкейінде жүрген, арман еткен Махамбет ауданына қарасты Хан Ордалы-Сарайшық мұражайының жанынан 3000 саяхатшылар мен туристерге арналған үлкен демалыс-мәдени кешені салынатыны туралы айтылды. Бұл өз кезегінде мұражай арқылы көне тарихпен сан мыңдаған адамдар танысуға мүмкіндік беріп, қазақ тарихының шежіресінен хабардар болады деген сөз.

Утепкалиева К.М.
Экономика және құқық
факультетінің деканы, доцент

Альдешова С.Б.
Қаржы және есеп
кафедрасының аға
оқытушысы, магистр

Жас маманның болашағы бүгіннен

2017–2018 оқу жылында біздің университетте күндізгі оқыту нысаны бойынша – 649 түлек, сырттай оқыту нысаны бойынша – 80 түлек және кешкі оқыту нысаны бойынша – 584 түлек, барлығы 1587 түлек бітіргелі отыр.

Гуманитарлық бағыт бойынша 45 түлек, оған 3 мамандық кіреді (5В020300 – Тарих, 5В020500 – Филология, 5В020700 – Аударма ісі)

Құқық бағыты бойынша 122 түлек, оған 1 мамандық кіреді (5В030100 – Құқықтану)

Өнер бағыты бойынша 28 түлек, оған 3 мамандық кіреді (5В042100 – Дизайн, 5В040300 – Вокалдық өнер, 5В040400 – Дәстүрлі музыка өнері)

Әлеуметтік ғылымдар және экономика бағыты бойынша 125 түлек, оған 6 мамандық кіреді (5В050600 – Экономика, 5В050700 – Менеджмент, 5В050800 – Есеп және аудит, 5В050900 – Қаржы, 5В051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару, 5В050300 – Психология, 5В050400 – Журналистика)

Жаратылыстану бағыты бойынша 36 түлек, оған 4 мамандық кіреді (5В060800 – Экология, 5В060700 – Биология, 5В060100 – Математика, 5В060200 – Информатика)

Техникалық ғылымдар бағыты бойынша 32 түлек, оған 3 мамандық кіреді (5В070300 – Ақпараттық жүйелер, 5В070400 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, 5В073200 – Стандарттау, метрология және сертификация)

Ауыл шаруашылық ғылымдар бағыты бойынша 11 түлек, оған 3 мамандық кіреді (5В080400 – Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау, 5В080500 – Су ресурстары және суды қолдану, 5В080100 – Агрономия)

Қызмет бағыты бойынша 2 түлек, оған 1 мамандық кіреді (5В090200 – Туризм). Осы аталған бағыттар бойынша бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыру мақсатында «Жас маман – 2018» түлектер жәрмеңкесі ұйымдастырылды. 2017–2018 оқу жылында 18 педагогикалық мамандықтар бойынша 248 түлек, педагогикалық емес мамандықтар бойынша 401 түлек бітіреді деп күтілуде.

Университетті бітіруші түлектерді жұмыспен қамтуға бағытталған жәрмеңке университетіміздің №1 оқу ғимаратының акт залында, №4 оқу ғимаратының ISPACE және Бас оқу ғимаратының English Only Space залдарында өтті.

Шараға 180 мекеме-кәсіпорындар өкілдері шақырылып, оның 147-сі қатынасты. Олар: Атырау

облысы Білім басқармасы және қалалық, аудандық білім бөлімдері, Атырау облысы Ішкі істер департаменті, Атырау облысы прокуратурасы, Атырау облысы адвокаттар алқасы, Атырау облыстық әкімшілік аппаратының кадр бөлімі, Казкоммерцбанк, Нұрбанк, АТФ банк, Цесна банк, КазМұнай Газ өнімдері, Атамекен кәсіпкерлер палатасы және т.б.

Жәрмеңке нәтижесінде алдын ала талдау бойынша күндізгі бөлімді бітіруші түлектердің 80% жұмыспен қамтылып отыр. Сырттай және кешкі оқыту нысандарының түлектері бәрі де жұмыс жасайды.

Педагогикалық мамандықтар бойынша мамандық жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтарды жұмысын өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларына сәйкес педагогикалық мамандықтарды білім гранты негізінде және ауылдық квота шеңберінде бітірген түлектер жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін кемінде үш жыл ауылда, кентте, ауылдық округте орналасқан тиісті мемлекеттік білім беру ұйымдарында жұмысты өтейді.

Биыл білім гранты бойынша педагогикалық мамандықтарды бітіретін түлектердің саны – 18 болса, оның 16-сы жұмысқа орналасып отыр, ал ауыл квотасы шеңберінде бітіретін 5 түлектің барлығы жұмыспен қамтылды.

Облыстық Білім беру басқармасының 500 орынға берілген сұранысының ішінде, университетімізде «технология» мамандығының болмауына байланысты 28 орын қамтылмады. Қалған математика, физика, информатика, география, биология, химия, алғашқы әскери дайындық, дене шынықтыру және спорт, тарих, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, бейнелеу өнері және сызу, психология, ағылшын тілі, бастауыш сынып, ән-саз, дефектология-логопед және мектепке дейінгі білім беру ұйымының қызметкерлері мамандықтары бойынша 472 орын жас маманға сұраныс берген болатын оның (278 – қазақ, 222 – орыс), 248 бітіруші



түлектің (207 – қазақ, 41 – орыс). Жұмысқа бөлудің қорытындысы бойынша 158 (136 – қазақ, 22 – орыс) жұмысқа бөлінді.

Университетіміздің №4 оқу ғимаратының ISPACE залында өткен бос орындар жәрмеңкесіне 261 түлек қатысты. Олар: Экономика және құқық» факультеті бойынша 5В050600 Экономика мамандығының 26, 5В050700 Менеджмент мамандығының 4, 5В050800 Есеп және аудит мамандығының 20, 5В050900 Қаржы мамандығының 18, 5В051000 Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының 23 және 5В030100 – Құқықтану мамандығының 122 түлектері қатысып, сондай-ақ «Физика, математика және ақпараттық технологиялар» факультетінің 5В060100 Математика мамандығының 12, 5В060200 – Информатика мамандығының 4,

5В070300 Ақпараттық жүйелер мамандығының 14, 5В070400 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығының 11, 5В073200 Стандарттау, метрология және сертификация мамандығының 7 түлектері.

Бас оқу ғимаратының English Only Space залында қалған педагогикалық емес мамандықтардың 126 түлектері қатысты. Олар, «Жаратылыстану және ауыл шаруашылық ғылымдары» факультетінің 5В060800 Экология мамандығы бойынша 12, 5В060700 Биология мамандығы бойынша 8, 5В080400 Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау мамандығының 1, 5В080500 Су ресурстары және суды қолдану мамандығының 8, 5В090200 Туризм мамандығының 2 түлегі, 5В080100 Агрономия мамандығының 2 түлегі, «Көптілді білім беру»

факультетінің 5В020500 Филология мамандығы бойынша 13, 5В020700 Аударма ісі мамандығының 27, «Гуманитарлық ғылымдар және өнер» факультетінің 5В020300 Тарих мамандығының 5, 5В042100 Дизайн мамандығының 22, 5В040300 Вокалдық өнер мамандығының 2, 5В040400 Дәстүрлі музыка өнері мамандығының 4 түлегі, 5В050400 Журналистика мамандығының 23 түлектері қатысты. Шақырылған мекемелерден келген өкілдер, студенттермен жеке сұхбаттасу арқылы түйіндемелерін алып және кейбір мамандықтардың түлектерін тестілеу арқылы жұмысқа қабылдайтындарын айтты. Жұмысқа орналасуға мүмкіншілігі бар түлектер саны 153 ті құрап отыр.

Фаризат БИМАГАНОВА,
Университет бойынша практика жетекшісі

КІТАПХАНА – БІЛІМНІҢ БИІК БЕЛЕСІ

Әлемдегі алпауыт елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты таным түсінігі кең, сауатты да салауатты ұрпақ тәрбиелеу екені айтпаса да түсінікті. Бұл тұрғысынан алғанда адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Білім қазынасының қайнар көзі саналған кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы десек, сол алтын сандықтың құтты мекені – кітапхана. Кітапхана ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан шырағы биік парасаттылық пен білімділіктің, біліктіліктің киелі ордасы.

Еліміздегі есімі елеулі ең ірі оқу орындарының бірі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасы да аталмыш оқу орнымен бірге жасасып келе жатқан тарихының бір бөлігі деп айтуға толық негіз бар.

1950 жылы іргесін қалаған Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасының бұл күнде алға қойған мақсаты айқын, материалдық-техникалық базасы мейлінше жақсарған, кітап қорын көбейтіп, оқырмандарын арттыра білген бірден-бір білім-ғылым ордасы.

Қазіргі таңда жалпы кітап қоры – 760223 дана. Қазақ тілінде – 422967, орыс тілінде – 266770 дана, шетел тілінде – 70486 дана кітап.

Кітапханада құнды басылымдар жиынтығын құрайтын XVIII–XX ғасыр аралығындағы әдебиеттер бар. Ғылымның барлық саласын қамтитын сирек кездесетін әдебиеттер қоры – 810 дананы құрайды. Университет ғимараттарында

4 абонемент, 6 оқу залы бар. Оқу залында интернет желісіне қосылған 42 компьютер, ғылыми ақпарат және сирек кездесетін әдебиеттер бөлімінде оқытушыларға арналған 6 компьютер жұмыс жасайды. Бұл ғылыми ізденіс бағытында оқытушылар мен студенттерге тегін ақпарат алуға жағдай жасалып отырғанын көрсетеді.

Сондай-ақ, кітапхана Республикалық және Ресейлік 230 дана ғылыми, танымдық мерзімді басылымдарды оқырмандар пайдалануда.

Ғылыми ақпарат және сирек кездесетін әдебиеттер бөлімінде жаңадан келіп түскен әдебиетті насихаттау мақсатында тұрақты «Жаңадан түскен әдебиеттер» атты көрмесі ұйымдастырылады.

Кітапхана қорына келіп түскен кітаптардың барлығы да кафедралардың сұранысы бойынша «ЖОО қауымдастығынан», «Бастау», «Мектеп». Академия Медиа» Білім-Баспа орталығынан т.б. баспалардың оқулықтарымен толықтырылған.

2017–2018 оқу жылдары 1423 дана кітап түсті. Бұл оқулықтар (химия, биология, физика, информатика т.б.) ғылым салаларын қамтиды.

Оқырмандардың сұранысын қанағаттандыруда кітапханада алфавиттік және жүйелік каталог бар. Кітап қорын толықтыру және өңдеу бөлімінде ақпараттық-ізденіс жүйесі бойынша «РА-БИС» бағдарламасымен жұмыс жүргізуде.

«Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапхана» мекемесімен келісім-



шарт жасалып, www.rmeb.kz осы сайт бойынша керекті әдебиеттерді табуға болады.

Кітапхананың қызмет көрсету бөлімдері: Электронды оқу залы (№1 оқу ғимараты, 106 бөлме); Ғылыми ақпарат және сирек кездесетін әдебиеттер бөлімі (№1 оқу ғимараты, 105-бөлме); Тарих және көркем әдебиеттер абонементі (№1 оқу ғимараты); Кітапты өңдеу және толықтыру бөлімі (№1 оқу ғимараты, 106 а бөлме); Әдістемелік орталығы (№1 оқу ғимараты, 107 бөлме); Мерзімдік басылымдар оқу залы (№1 оқу ғимараты, 106-бөлме); Тарих және көркем әдебиеттер оқу залы (Бас оқу ғимараты, 322-бөлме) Заң ғылымдары әдебиеттерінің оқу залы (№4 оқу ғимараты, 110-бөлме) Экономика, жаратылыстану, физика-математика және заң әдебиеттерінің абонементі (№2 оқу ғимараты, 1 қабат); Музыкалық әдебиеттер абонементі (№3 оқу ғимараты, 1 қабат); Әлем тілдердегі абонемент және оқу залы (Бас оқу ғимараты, 426-бөлме).

Университет дамуымен бірге дамып келе жатқан ғылыми кітапхананың оқырмандар үшін орны ерекше. Тек оқу бағдарламасын кітаппен қамтамасыз етіп қана қоймай, көпшілік шараларды да ұйымдастыруды дәстүрге айналдырды. Елімізде аталып өтетін барлық төл мерекелермен қатар, ақын-жазушылардың, тарихи жылнамалардың атаулы күндерін жоғары дәрежеде ұйымдастыруда.

Қазақстан Халық жазушысы Ғабиден Мұстафиннің туғанына 115 жыл толуына орай «Жазушы.Ой-шыл.Тұлға» атты тақырыптарда кітап көрмесі жасалды.

Университетімізде З.Қабдоловтың 90 жылдық мерейтойына арналған «Академик З.Қабдоловтың ғылыми мұрасы және қазақ әдебиеттану мәселелері» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға жазушының



шығармаларынан кең көлемде кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Қазақтың өр мінезді, асқақ рухты ақын қызы Фариза Оңғарсынованың жарқын бейнесін жүректерде мәңгі сақтау мақсатында еске алу кеші өткізіліп, осы шараға байланысты ақын апамыздың шығармаларынан кітап көрмесі ұйымдастырылды.

2017 жылдың 15 желтоқсан күні ғылыми ақпарат және сирек кездесетін әдебиеттер бөлімінде профессор-оқытушылар мен студенттерге және магистранттарға «Жаңадан түскен әдебиеттер» кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оқырмандар назарына Білім және ғылым министрлігінің Тақырыптық жоспары бойынша шет тілінен аударылған Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығынан, «Бастау» баспасынан келген қазақ, ағылшын, орыс тіліндегі биология, химия, тарих, информатика, математика, психология ғылымы бағыттары бойынша ғылыми кітапхана қорына түскен әдебиеттерін ұсынып, насихатталды.

Мақсаты: жоғары оқу орны білім беру үдерісінде кітапхана қызметін пайдаланушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, қазіргі кезеңдегі жаңа ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жетілдіру мен технологиялар енгізу, болашақ мамандардың көзқарасын жаңаша қалыптастыру.

Университет оқытушылары қауымы жаңа басылымдармен танысып, абонемент, оқу залдарынан пайдалануға мүмкіндік алды. 120-дан аса оқырман зор қызығушылық танытып, көрмедегі әдебиеттердің оқу бағдарламасына қажеттілігін атап өтті.

Библиограф Г.Абдигазиева библиографиялық шолу жасады.

2018 жылдың 10-11 қаңтар күндері университеттің ғылыми кітапханасы оқырмандардың назарына Білім және ғылым

Зәуреш ИБРАШЕВА,
Ғылыми кітапхана
директоры міндетін атқарушы

«БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҮШТІЛДІЛІК ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕМЕ»

2018 жылы 22-ақпан сағат 11:00 де Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Көптілді білім беру факультетінің әдістемелік секциясының ұйымдастыруымен «Білім беру жүйесіндегі үштілділік және инновациялық әдістеме» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өткізілді. Дөңгелек үстелге: Атырау Мұнай және Газ Университеті, Атырау инженерлік-гуманитарлық институты, Облыстық тілдерді дамыту орталығы, Қ.Дүтбаева атындағы педагогикалық колледж, Атырау аграрлы-техникалық колледж, С.Мұқашев атындағы Атырау политехникалық колледж, Назарбаев Зияткерлік мектебі, Атырау «Білім-Инновация» лицейі, Ағылшын тілін тереңдетіп оқытатын техникалық гимназия, №34 Лингвистикалық гимназия, т.б. оқу орындарының орыс, қазақ, шетел тілдерінің кәсіби тіл мамандары және университеттік тіл кафедраларының тілші ғалымдары, магистранттары қатынасты. Университеттің ғылыми істері жөніндегі проректоры т.ғ.к. Идирысов Саламат кіріспе сөз сөйлеп, қатынасшыларға, дөңгелек үстел жұмысына сәттілік тіледі. Көптілді Білім беру факультетінің деканы ф.ғ.к. Султангүбиева Айгул Айтмұқанқызы дөңгелек үстелдің «Білім беру жүйесіндегі үштілділік және инновациялық әдістеме» тақырыбы бүгінгі білім беру кеңістігіндегі өзекті мәселе екендігіне тоқтала отырып, көптілді білім беру бағытындағы тіл кафедраларының атқарып жатқан іс-шараларын атап, Атырау қаласының білім беру мекемелерінен келген тілші мамандарына ризашылығын білдірді.

Дөңгелек үстелдің модераторы – Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы Қырықбаева Жаннат Молдағалиқызы дөңгелек үстел бағдарламасымен таныстырып, алғы сөз сөйледі.

Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейкесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкеңестікке шыққан заман тілдерді білуді талап етеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев көптілді білімді дамытуға жіті назар аударып «...еліміздің маңызды құндылықтарының бірі және басты артықшылығы – көптілділік пен көптілділік» деп атап көрсеткені белгілі. Көптілді білім берудің қоршаған әлемде болып жатқан үдемелі өзгерістерге бейімделгіштігін күшейтетін лингвистикалық біліктілігі жоғары дамыған, бәсекеге қабілетті жастардың қалыптасуына септігін тигізетін тұжырымдамалық тұрғыдан жаңа үлгісін құруды көздейді. Осы орайда үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) бірдей оқытуды білдіретін көптілді оқыту бағдарламасының бірегейлігін атап өту керек. Қазақ халқында «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл», «Бір тіл білген бір адам, екі тіл білген екі адам» деген халық қағидаты бар. Шығыс ғұламасы Әл-Фараби 70 ке жуық тілді меңгерген. А.С. Грибоев өзін «жаспан хатында: «Менің игерген білімім славян және орыс тілін, латын, француз, ағылшын, неміс тілдерін игергенімде болса керек», Г.Бельгер: «Неміс тілі, қазақ тілі, орыс тілі-шабытымның үш қайнар бұлағы» немесе А.П. Чехов: «Біреп тіл білмеген адам өзін паспортсыз жан-

дай сезінеді» деген екен. Олай болса, «Полиглот» деп ондаған тілдерді қатар үйренуге қабілетті адамдарды айтады. Сондықтан білім беру жүйесінде үштілділік мәселесі қалай жүзеге асырылып жатыр?, тілдерді оқытудың жаңаша әдістемесі қандай?, педагогикалық әдістемені қалай жетілдіру керек деген сұрақтардың аясында озық идеялармен, озат тәжірибелермен, инновациялық әдіс-тәсілдермен ой бөлісеміз.

Дөңгелек үстелде қарастырылған мәселелер:

- 1) Үштілділікті меңгеру – жарқын болашақтың кепілі;
- 2) Үштілділік – көптілді меңгерген тұлға қалыптастыру құралы;
- 3) Тілдерді меңгертудің инновациялық әдістемесі мен технологиясы;

Негізгі баяндама бойынша: Үштілділікті меңгеру – жарқын болашақтың кепілі. Өсербаева Мақсат Кемалқызы – аға оқытушы, магистр. Атырау инженерлік-гуманитарлық институты. «British Council CSSF project: Observations English lessons to future school teachers of English». Аударма ісі және шетел тілдері кафедрасының профессоры, ф.ғ.к., АтМУ. Байниева Күләш Темірғалиқызы. «Работа с текстом в условиях новых стратегий преподавания языка». Байжігітова Гулнар Байжігітқызы – Атырау Мұнай және Газ Университетінің доценті, ф.ғ.к. және аға оқытушы Турдағалиева Алмагүл Жексенқызының баяндамалары тыңдалды.

Жарыссөзге қатынасқан: «Білікті, білімді, кәсіби мамандар даярлау – қоғам сұранысы». Джанзакова Шолпан Исағалиқызы – п.ғ.д., профессор, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі, Педагогика кафедрасының меңгерушісі. «ЖОО-да студенттерге арналған орыс тілі пәнінен оқу әдістемелік кешендерді әзірлеудің әдістемесі». Умурзакова Назира Жуматовна – Орыс филологиясы кафедрасының профессоры, ф.ғ.к., АтМУ. «Студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін арттырудың тиімді жолдары». Турдабаева Бұлбұл Саркентқызы – Атырау аграрлы-техникалық колледжі, II санатты Қазақ тілі пәнінің оқытушысы. «Тілдерді оқытудағы тың ізденістер мен жаңаша бағыттар». Файзуллина Зора Файзуллақызы – Ағылшын тілін тереңдетіп оқытатын техникалық гимназия. Ағылшын тілінің мұғалімі. «Дифференциациялап оқытудың мүмкіндіктері». Уғыбаева Гулайым Әлімқызы – Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалім-модераторы, Назарбаев Зияткерлік мектебі. «English for effective communication». Ингамова Джания Газимовна – Аударма ісі және шетел тілдер кафедрасының аға оқытушысы, АтМУ. «Парсы тілін оқыту әдістемесі». Кальвони Гульназ – Иран тілі және мәдениетінің орталығы, АтМУ. «How to learn English more efficiently». Шадкам Эрфан – Аударма ісі тобының студенті. Тілді меңгеру, үйрену, үйрету мәселелеріне қатысты өзіндік пікірлерін қосты. Ойталқыға түсіп, сұрақтарға жауап беріп, құнды пікірлерін айтты.

Джанзакова Шолпан Исағалиқызы – п.ғ.д., профессор, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі, Педагогика кафедрасының меңгерушісі.



Қазақ халқының да тәлім-тәрбиелік білім жүйесі ұланғайыр да мәуелі. Бұл салада халқымыздың тәлім-тәрбиенің, білімнің алтын қорына елеулі үлес қосқан арыстарымыз А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, С.Торайғырұлы және т.б. Олардың тәлім-тәрбиелік өсиеттері талай зерттеулерге арқау болған. Кемеңгер Ахмет Байтұрсынұлының өткен ғасыр басында – «Мектептің жаны мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі нәм сондай болмақшы... әуелі біз елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзетіледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқумен түзеледі» – деген ұлағатты ескертпесі бүгінгі қазақ мектебінің ұлттық білім стратегиясының тұғыры ретінде қабылдануда. Олай болса, көптілді, білімді, білікті маман дайындау – бүгінгі қоғамның сұранысы. Бүгінгі кезеңдегі педагогика өзінің диалектикалық, өзгермелі ғылым сипаттарына сай болуымен қарқынды дамуда. Тәрбие, оқу, білім берудің тиімді теориялары мен әдістемелері, жоғары нәтижелері мен жетістіктері, сапалы оқу бағдарламалары мен сабақ үлгілері педагогикалық шеберлікпен қаруланған жаңашыл, жаңа типтегі кәсіби мамандарды дайындауда маңызы зор.

Байжігітова Гулнар Байжігітқызы – Атырау Мұнай және Газ Университетінің доценті, ф.ғ.к. «Работа с текстом в условиях новых стратегий преподавания языка» тақырыбындағы баяндамасында, Уғыбаева Гулайым Әлімқызы – Назарбаев Зияткерлік мектебі, Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалім-модераторы, «Дифференциациялап оқытудың мүмкіндіктері» тақырыбындағы ойталқысында – Оқыту процесінің барлық кезеңдерін оқушыларға «бірдей талаптар» қою, олардың ерекшеліктерін, жеке психологиялық дамуын ескермей жүзеге асыру, оқушының алға жылжуына, ілгерілей оқуына бөгет жасайды, оқуға деген қызығушылықтарын жоғалтады деген пікірлерін білдірді. Сонымен қатар оқу қызметін дифференциациялап оқыту әдістерін ұйымдастырудағы тиімділігіне тоқталды.

Дөңгелек үстелдің модераторы – Жаннат Молдағалиқызы: Міне, Елбасымыз бүгінгі таңда жастарға үш тілді білуді міндеттеп отыр. Егер адам өзге тілді білетін болса, ол рухани бай адам деп ойлай-

мыз. Өйткені сол тіл арқылы басқа халықтың мәдениетін, дәстүрін үйренеді, басқа тілді үйрену арқылы танымы кеңейеді. Сондықтан бүгінгі жастарды өз замандастырымызды «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп ақын Қ.Мырзалиев айтқандай:

Мейлі сен көп тілді біл «қой» демес ем!

Пушкин, Байрон, Шекспир, Гейнеге сен.

Бірақ сені қазақ деп айта алмаймын Туған ана тілінде сөйлемесең, – деп Басқа тілді біле отырып, ең алдымен өз ана тілімізді құрметтеуге шақырамын, – деді.

Қазақ елінің зиялы қауым өкілі Х.Досмұхамедов айтқандай: Ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, ол – күйініш. Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлеу, бұл – сүйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру – зор қате. Назарбаев Н.Ә – «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез-келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы – Ана тіліміз. Абай әрлеген тіл, Жамбыл жырлаған тіл – қазақ тілі, Мәңгілік елдің Мәңгілік тілі болып қала бермек!» – деп айтқандай, ана тілдің терең иірімдеріне бойлай білу – саналы адам болғысы келетін жас адамның бірінші парызы. Ол – туған жеріңді, еліңді, сүйікті Отаныңды сүйе білу деген сөз.

Ең бастысы – қорықпау керек. Тілді үйрене жүріп, өз ойыңызды сол тілде түсіндіруге тырысу керек. Үйреніп жүрген тілде сұрақ қоя отырып, тіл білетін және өзіңізге көмек көрсете алатын адаммен барынша көбірек сөйлесіңіз. Мұзықаны көбірек тыңдап, есту қабілетіңізді дамыта беріңіз. Жақсы естіп-білу, шетел тілін үйренуде жақсы көмекші. Олай болса, достар, полиглот болғыларың келсе, тек алға ұмтылыңдар! Антик фило-софтары тілді бесіктегі деміңнен, соңғы деміңе дейін үйренсең де аз дегенін ұмытпайық! Түрлі-түрлі байлық бар. Солардың таңдауын берсе, мен тіл байлығын таңдар едім. Өйткені тіл байлығы – бәрінен де сенімді байлық. Көптілді кәсіби маман дайындауда инновациялық әдістемені, кәсіби шеберлікті жетілдіре берейік.

**Қырықбаева Жаннат,
Қазақ тілі және әдебиеті
кафедрасының аға оқытушысы**

«SenatorCup» қалалық турнирі өтті

24-ші ақпан күні Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде, жастар департаменті жанынан құрылған «Сенатор» пікірсайыс клубына 1 жыл толуына орай «Senator Cup» қалалық турнир өтті. «Сенатор» пікірсайыс клубы құрылғанына 1 жыл толса да облыстық, батыс аймақтық, республикалық пікірсайыс турнирінің өтуіне мұрындық болып жүрген қаламыздағы үздік пікірсайыс клубы десек те артық айтқандығымыз емес. Құрамында 30 ға жуық студент бар бұл ұйым – университет қабырғасындағы клубтардың үздігі.

Турнирге Атырау мұнай және газ университетінен, Каспий өңірінің қазіргі заманғы жоғарғы колледжінен, Қ. Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі және 34-ші көп салалы мектеп – гимназиясы мен И. Тайманов атындағы орта мектептен 60-қа жуық студенттер мен оқушылар қатысты. Іріктеу кезеңінен

суырылып шыққан 8 фракция өз арасында үздікті анықтады. Нәтижесінде «Жасы кіші демендер, ақылы асса дана ғой» дегендей 1-ші орын және кубокті иеленген «НұрИслам» фракциясы, яғни 34-ші көп салалы мектеп гимназиясы. 2-ші орынды иеленген «Зиялы қазақ» фракциясы Каспий өңірінің қазіргі заманғы колледжі. Сонымен қатар ойынның үздік спикері ретінде Тілекқабыл Ақжарқын марапатталды.

Пікірсайыс ол – сапалы біліммен қатар саналы ойлау және адал достық екенін турнир қатысушылары дәлелдеді.

«Сенатор» пікірсайыс клубына толағай табыстар тілей отырып, 1 жылдық мерейтобымен тағы да шын жүректен құттықтаймыз!

Бекарыс ЗАКАРИЯ,
Журналистика мамандығының
1 курс студенті



«Жастар және дәуір келбеті»

Форум Елордамыз – Астананың 20 жылдық мерейтойына арналып отыр. Шара барысында түрлі тақырыптар бойынша баяндамалар жасалынып, еліміздің 20-ға жуық ЖОО-ның жастары қатысты.




Мұнда талқыланған маңызды мәселелер: белсенді студенттердің арасында Елбасының «Тәуелсіздік дәуірі» кітабын, «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жаңа Жолдауын талқылау, пікірсайыс жұмыстарын ұйымдастыру, жастардың ғылыми және шығармашылық потенциалын дамыту бағытындағы, өлкетану жұмыстары негізіндегі нақты жобалар дайындау.

Сонымен қатар, «Еңселі Елордаға тарту» тақырыбындағы ЖОО-ның студент жастары арасында 20 әлеуметтік жоба ұсынылмақ. Экстремистік топтардың халықтың сана-сезіміне әсер етуіне ықпал ету жағдайларына әлеуметтік желідегі жарияланымдар арқылы қарсы тұру,

ақпараттық-психологиялық шаралары ұйымдастырылды.

Е. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен шараға Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінен де бірқатар жастар барып қайтты. Атап айтсақ, физика-математика факультетінің 2-курс студенті Еркінова Мәдина бұл сапарындағы алған әсерімен бөлісе отырып, еліміздегі әр түрлі аймақтан келген форум қонақтарымен тәжірибе алмасу арқылы біраз мағлұмат жинақтағандығын жеткізді.

Талшын ҚУАНДЫҚОВА,
Журналистика мамандығының
1 курс студенті





Ашығалиев

Равиль Сәрсенғалиұлы

1999 жылы Атырау облысы Дамбы селосында дүниеге келген. Фариза Оңғарсынова атындағы орта мектебінде білім алған. Қазіргі таңда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Журналистика мамандығының 1 курс студенті.

Келді міне басталатын қуаныш күн,
Табиғатта төгеді шуақ, ұшқын,
Бүгін міне ұлыстың ұлы күні
Бар бастауы болатын қуаныштың!

Наурыз деген мереке жеткен тұста,
Жандарда жүрек жібиді, қатқан қыста,
Отанына қайтадан келе жатыр
Наурыз тойын тойлауға, ұшқан құста.

Сарқырап ағып жатыр сайда жаңа,
Мәз-мейрам көз салғанда айналама
Наурыз келіп жер анада құрсақ ашып
Құлпырып, жан бітіп бар айналаға.

Асырып бұл мейрам көп адам бағын,
Мерекеге дайындап алаңдарын,
Анам жеңгем апалар ас үйде жүр
Наурызға деп дайындап тағамдарын.

Шығып жатыр түзу түтін әрбір үйден,
Арулар жүр сұлуланып камзол киген,
Барлығы әз Наурызды қарсы алып
Қуат ап жүр мерекелік көңіл күйден.

Жарасып тұр халқым-ау дәм мен тұзың,
Көрсетіп бар өнерін, әр жалғызың,
Құтты болсын баршаңа иісі қазақ
Келіп жеткен мерекең, әз-Наурыздың!



Зинеденов Еркебұлан Уәлиханұлы

1998 жылы мамыр айының 1-ші жылдысында Атырау облысы, Исатай ауданы, Забурын селосында (қазіргі Зинеденов ауылы) дүниеге келген. Сол ауылдың Ю.Тәжарин атындағы орта мектебінде білім алған. Қазіргі таңда Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Журналистика мамандығының 3-курс студенті.

Асыл ана,
Ардақтысың әлемге,
Лайықтысың мендегі сыр, өлеңге.
Жоғарыға көтересің ұлыңды,
Мен құлдилап түсер болсам төменге.

Асыл ана,
Асылымсың алтындай,
Тәрбиенді сіндіріп ең тартынбай.
Табиғаттың сұлулығы өзіңде,
Найзағайдың құдретінде ей жарқылдай
Алтын ана,
Әркез өзің қымбатсың,
Жауһазын жыр өзіңді айтар толғап шың.

Батыр ана деген атқа лайықсың,
Әлем саған ескерткішін орнатсын.
Ардақты ана,
Ардағысың ұлыңның,
Мен өзіңнен қуат алдым жылыңдым.

Сіздей тұлға, жаралмайды ешқашан,
Аналардың өткеремді құнын кім?
Ана деген,
Аяулы адам мендегі,
Көңілімнің, өмірімнің өрнегі.

Басқа адамдар биіктесе бәрібір,
Ең асыл жан болып қалар жердегі.



Сәйтқанбаев Тұрғали

Турьев облысы Жылой ауданында 1953 жылы дүниеге келген. Қалмық мектеп-интернатында 10 жылдық білім алып, Белорусия республикасының Брест қаласына әскер қатарына алынады. Орынбор облысы Бузулық қаласында құрылыс техникумын «Азаматтық және өндірістік құрылыс инженері» мамандығы бойынша білім алады. Бүгінгі таңда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Журналистика мамандығының 1 курс студенті.

Анаға жылы қараңдар

Жер басып жүрген адамдар,
Болсада мейлі санаң бар.
Ақ уызын жинаған,
Адамға өмір сұлаған,
Анаға жылы қараңдар!

Ананың басы ардақты,
Ананың сүті салмақты,
Кезінде құрмет тұталмай
Өлген соң сірә бәрі-бір
Қалмаңдар тістеп бармақты.

Туа бітуі дананың,
Қалыптасуы сананың,
Сүйекке бітер қасиет,
Даритынын білерме,
Сүтіменен Ананың.

Қайталап айтам адамдар,
Болсада мейлі санаң бар.
Шуақтай мейірім жинаған
Сен үшін жанын қинаған
Анаға жылы қараңдар!



Аяулым Мырзабек

1997 жылы 3-ші қарашада Атырау облысы Қызылқоға ауданы Миялы селосында дүниеге келген. Облыстық ғылыми жобалар байқауы мен пәндік олимпиадалардың, республикалық жарыстардың жүлдегері болды. Оралхан Бөкей және Мұқағали оқуларына қатынасқан. Поэзияға сүйіспеншілігі 10-сыныпта басталады. Аудандық «Қызылқоға» газетінде мақалалары жарық көрген. Бүгінгі күні Атырау университеті журналистика мамандығының 3-ші курс студенті. «Кәусар» жыр жинағына тәл туындысын енген. Университеттегі Мүмекен Нәжімеденов атындағы әдебиетшіарманылық бірлестіктің мүшесі.

Қайтарсын

Тығырыққа тірегенде Тәңір кеп,
Туралығымнан адастым!
Жас жаным мұң құстары ме-
кендеп
Жатса тынбай сұраусыз
Мұңсыз бола алмастың.

Жарқылынан нажағайдың
қорқатын
Дауылдардан дүрейлі,
Мен емес пе едім, Әке,
Құшағыңда жұмақтай ұйқы
қысқан үнемі.

Қара түнде арпалысып сұм оймен
Жексұрын боп көріндім бе, жасы-
дым?
Тас қаладан таппай жүрмін

мейірім,
Шынымды айтам, Аға,
Ауылдағы қараша үйді сағындым.

Сәтсіз жолды таңдадым ба білмеспің,
Сәтті кезім кезікпей.
Ауыр салмақ салмаймын ғой деуші едім,
Мама, қысылып жүрмін,
Тұншығып жүрмін тек іштей.

Патшадай көңілім тарылмасын деп
Бәрінде бәріне ұсынғам.
Досым, қалтамда көк тиын қалмады,
Құдайым қуантып жүрмесе тосыннан.

Қаңғырып қалада қалушы ем,
Жан айқай жетпей бір жандарға.
Мұңы жоқ адамның өзі де
мұңым жоқ деуменен мұңданды.
Ал айтшы, мен мұңсыз болайын
қалайша?

Аттырып таңдарды көз ілмей,
Өзгеше әлемге енгенмін.
Тағы да сағымды сындырып кетпесін
Шер басып көзімді, риясыз сенгенім.

Әлпештеп әлдімен ырғақты
Бесікке келеді тербелгім.
Тентектік жасасақ тыңдамай, Мама,
Ұрсыңмен келеді емделгім
Кешірген әркез шалалығымды
Әке, оларға айтшы,
Қайтарсын менің балалығымды.

Мама-ау

Мама-ау мен сізді сағындым
Жаным серік қып жалын мұң
Қаланың тірлігі құрсыншы
Тынышы керек боп ауылдың

Мама-ау мен сізді сағындым
Бөлшегі бір өзің жанымның
Бақытты тіледім сен үшін
Тілеуін еселеп бағымның

Мама - ау мен сізді сағындым
Бір өшіп бір тұрып жағылдым
Қалайша сын айтам сыйлаған
Құдай мен сен берген тағдырдың

Мама-ау мен сізді сағындым
Жүрмеймін астымен ауырдың
Басыңа түссе де сан сынақ
Құдайға жетпеген шағымың

Мама-ау мен сізді сағындым...

Тез келіңіз, Солдатым!

Сан тараулы жолдарында тағдырдың
Түйістіріп бізді қосты тағдыр мұң
Күйкі өмірдің күйбеңінен
қорықпайм(ын)
Сізге сенем,
сіздің қолда менің ғажап тағдырым..

Сан сынақты бастан кештік екеуміз,
Десе десін жұрт өсектеп н(е) терміз?
Қиғашынан бөгет қойса жолдарға
Сізге сенем,
Бірге адымдап одан да біз өтерміз...

Отан алды борышыңды міндетті,
Өтеудесіз дамыл көрмей күн-түнсіз.
Сізге деген махаббатты мендегі
Сынап жатыр күндер, айлар, жыл
үнсіз.

Көбі кетіп азы қалды уақыттың,
Шыда, жүрек, шыда менің бақытым!
Үш жүз отыз күннің біліп қадірін,
Тағы бес күн қосып қойшы, жарығым..

Сезім менен сабырымды қымбатты,
Бойтұмар ғып тағып жүрмін
мойынға.
Солдат күткен бір қыз барын мын(а)
жақта
Ер жүректім, ұмытпаңыз, ұмытпа!

Махаббаттың отын әрі лаулатып
Бар боламыз, бір боламыз арманым!
Сүйгеніңіз сіз қатты сағынды
Аман -есен келіңіз тез, Солдатым!

Сағаттың тілі зырғиды алға
Ізі көп өткеннің .
Сырлары жұмбақ, құны да қымбат
Кешегі көктемнің.

Кездесу барда қоштасу керек,
Заңында өмірдің.
Жүректе әуен, әуенді тыңда,
Тағдырым менің !

Тыныштығы әлемнің
Ғажайыптан орнасын !
Сенің ғана көздерің
Гүлдей жайнасын !

Кездесуге бұйырмай
Сағат тағдыр, сағат мұң.
Тіршіліктің қиыны-ай
Сағаты оның алдаған...

Спортшылар оқу-жаттығу жиынынан оралды



Боксшыларымыз Алматы қаласында оқу-жаттығу жиынын өткізіп келді.

Қаңтардың 26-сы мен ақпанның 20-сы аралығында боксшыларымыз Алматы қаласында оқу жаттығу жиынын өткізіп келді. Атақты "Медеу" мұз айдыны маңында спортшыларымыз бір айға жуық уақыт болып қайтты.

Атырау облысы жастар және ересектер құрамасының Алматы қаласындағы оқу-жаттығу жиындары боксшыларымызды шыңдай түсті. Бірнеше күн бойы жаттықтырушылар Қанат Орақбаев пен Азамат Байдуллиев бастаған спортшыларымыз өз тәжірибелерін толықтырды. Бір айға жуық уақыт өткен жиында Атырау қаласы атынан шығып жүрген Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеттің студенттері бар.

Олар:

Құрманғазы Мерей (52 кг), Еламан Рахметолла (60 кг), Абылайхан Бігімов (64 кг), Нұркен Нұрымов (69 кг), Аят Айтқалиев (75 кг) салмақ дәрежелерінде өнер көрсетіп жүрген студенттеріміз, Алатау баурайында өткен оқу жаттығу жиына барып шеберліктерін шыңдады. Былғары қолғап шеберлері республикалық Бекзат Саттарханов турниріне дайындық жұмыстарын жасауда. Турнир наурыз айының 28 жұлдызында Ақтөбе қаласында өтеді.



Бетті дайындаған: Равиль Ашығалиев, Журналистика мамандығының 1 курс студенті

«Университет» командасына сенім зор «Жігіттерге сенеміз»



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің намысын «Атырау әуесқой футбол лигасында» қорғап жүрген «Университет» командасы кезекті маусымын аяқтамақшы. Университетіміздің намысын қорғап жүрген команда биылғы жылы бірінші лигада өнер көрсетуде. Алдыңғы маусымда жоғарғы лигада ойнаған жігіттеріміз, маусым қорытындысы бойынша бірінші лигаға төмендеген болатын.

Биылғы маусым «Университет» командасы үшін сәтсіз аяқталды. Бірінші лигада 8 ойын өткізген жігіттеріміз 1 рет жеңіске жетіп, 1 рет тең нәтиже көрсетіп, 6 мәрте қарсыласына есе жіберді. 24 рет қарсылас қақпасына доп тоғытып, 36 мәрте қарсыласымыздың қақпамызға соққан добын шығардық. Командамыздың капитаны Еркебұлан Бейбітұлы бірінші лигада 13 голдың авторы атанып, қазіргі таңда жігіттеріміз арасында үздік шабуылшы болып тұр. Турнир кестесінде 4 ұпаймен 9 орынға табан тіреген командамыздың лигада өткізетін 2 ойыны қалды. Қарсыластарымыздың бірі 21 ұпаймен көш бастап келе жатқан «Медина» командасы болса, бірі 4 ұпаймен кестенің 10 орнына жайғасқан «Бахтияр» командасы. Екінші лигаға төмендеп кету қаупі бар командамыздың тағдыры осы екі ойын қорытындысы бойынша шешілетін болады.

«Университет» командасы жаңа жасақталған кезден бері бапкерлік қызмет атқарып келе жатырған Мұхамбетали Амантай Қамиұлы:

«Команданың маусымдары болғандықтан көңіл толтырарлықтай ойын өрнегін көрсете алмай жатырмыз. Бірақ, біз бар күш-жігерімізбен бірінші лигада қалуға тырысамыз. Мен өз жігіттеріме сенемін!» - деген болатын.

Командамызға еңбегі сіңген бапкер Амантай Қамиұлының айтқаны орындалып, «Университеттің» алдағы ойындарда жеңіс жалауын көтеретініне күмәніміз жоқ. Командамыздың тағдырын шешер, маусымның соңғы екі ойында жігіттерге сәттілік тілейміз және зор сенім білдіреміз.



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:
М. Мукашева - Бас редактор
В. Шигаев - дизайнер-бет құрушы
Қ. Данияров - фотограф
Н. Нурланова - кезекші редактор
Журналистер:

Журналистика кафедрасының оқытушылары мен студенттері.
Электрондық пошта - zhurnalistika@asu.edu.kz

Авторлар жарияланымдарындағы пікірлер редакция көзқарасы еместігін ескертеміз

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, №2659 куәлік берілген 04.02.2002 ж. Газеттің жылына 10 нөмірі шығады.

Газет «Ақ жайық» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #279
Баспаның мекен-жайы:
Атырау қаласы,
Жарбосынов көшесі, 5 үй
Тираж 5000 дана